

Астана қаласы әкімдігінің
«№107 орта мектеп»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесі



Коммунальное государственное
учреждение «Средняя школа №107»
акимата города Астаны

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2024 жылғы 25 қараша

Астана қаласы

№ 33

город Астана

**2024-2025 оқу жылында мектепте
тамақтандыруды ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 43 бабының 2 тармағының 11 тармақшасына, 48 бабының 5 тармағына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығына 2022 жылғы 10 тамыздағы №359 енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жекелеген санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мемлекеттік қызмет көрсетудің орындалуы барысында тегін сапалы, тамақтандыруды ұйымдастырудың жауапкершілігі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М.М.Ниязоваға, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Р.Мырзатаеваға және әлеуметтік педагог К.М.Алимжановаға жүктелсін.

2. Оқушылардың тамақтану кестесін жасау және бекіту әлеуметтік педагог К.М.Алимжановаға жүктелсін.

3. Асхана мен буфеттерде оқушыларды кезекшілікке тартуға тыйым салынсын.

4. 1-қосымшаға сәйкес жекелендірілген санаттағы білім алушылардың мемлекеттік қызмет көрсету шеңберінде тегін сапалы тамақтандырудың жауапкершілігі әлеуметтік педагог К.М.Алимжановаға жүктелсін.

5. Күн сайынғы ас мәзірі бекітіліп, ата – аналар мен оқушылардың заңды өкілдері үшін асхананың қол жетімді жеріне орналастырылсын.

6. Тамақтандыруды ұйымдастыруда білім беру ұйымдарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес болуын бақылау мектеп медбикесіне жүктелсін.

7. Тамақтың дұрыс дайындалуын, сапасын және қызмет көрсетуді қадағалау мектептің медбикесіне жүктелсін.

8. Бас есепші есеп М.Е.Бижанова бастауыш сынып оқушылары үшін тамақтандыруды ұйымдастыруға қарастырылған, бөлінген қаражаттардың

мақсатты орындалуы мен жұмсалуды бойынша уақытылы шаралар қабылдар, жүзеге асыру тапсырылсын.

9.Сапалы тамақтандырудың ұйымдастырылуы бойынша ақпарат тоқсан сайынғы педагогикалық кеңес отырысында қаралуды үйлестіру жұмысы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Мауленовнаға жүктелсін.

10.Интернет-ресурстарында« Мектептегі тамақтану»айдарында мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру жөнінде ай сайынғы ақпарат(мәзір,бракераждық комиссия құрамы) берілуін жүзеге асыру информатика пәні мұғалімі Б.Жаңабергенге жүктелсін.

11.Тамақтану кестесін бекіту кезінде тамақтану уақытының ұзақтығын ескеріп,сабақ арасындағы қоңырау ұзақтығы 15 минутқа сәйкестендірілсін.

12.Буфеттегі тамақтану бағасы (прейскурантта көрсетілген бағадан көтерілмеуін) бақылау К.М.Алимжановаға жүктелсін.

13.Оқушыларды тамақтандыру жүйесі қатаң түрде мектептің санитарлық эпидемиологиялық талаптарына сәйкес(газдалған сусындар, фасфудтар, шокола дтыбатон, майонез, кетчуп, сағызды конфеттер, сағыз т.б алынып тасталсын) ұйымдастырылсын.

14.Тамақтану кесте бойынша және сынып жетекшілерінің қатысуымен өтсін.

15.Мектеп ішінде ата-аналардың, оқушылардың тарапынан сырттан тамақ әкелуіне тыйым салынсын.Сынып жетекшілерге осы талаптардың жүзеге асуына бақылау жүргізу жүктелсін.

16.Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

17. Осы бұйрық қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

Мектеп директоры



А.Б.Бейсенбина

Бұйрықпен таныстым: А.Р.Мырзатаева
М.М.Ниязова
Б.Жаңаберген
К.М.Алимжанова
Б.Жаңаберген